

Жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 9 шілде N 98-ө

1. "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнында

қалыптасқан жағдайды бағалау және тексеру мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Ғалиакпарова Эльфира - Қазақстан Республикасы Қаржы
Бариқызы министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитеті
басқарма бастығының орынбасары,
жетекші

Әйтекенов Қайрат - Қазақстан Республикасының Табиғи
Медыбайұлы ресурстар және қоршаған ортаны
қорғау министрлігі Басқару және
қаржы департаментінің директоры

Ахметжанов Саян - Қазақстан Республикасының
Қылышұлы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі Нормативтік-құқықтық
жұмыстар департаментінің бөлім бастығы

Буц Анна - Қазақстан Республикасының Ауыл
Александровна шаруашылығы министрлігі Маркетинг
және аграрлық саясат
департаментінің бас маманы

Тұрсынбаева Жанна - Қазақстан Республикасының Әділет
Нұрланқызы министрлігі Тіркеу қызметі
комитетінің бас маманы

Саретбаев Әлжаппар - Қазақстан Республикасы Көлік,
Нұрмұқанұлы коммуникациялар және туризм
министрлігінің Азаматтық авиация
департаменті басқарма бастығының

орынбасары

2. Жұмыс тобы 1999 жылдың 26 шілдесіне дейін тексерудің қорытындысы бойынша:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне кәсіпорында қалыптасқан жағдайды жақсарту және оның қызметіне кері әсер ететін келеңсіз факторларды жою жөнінде ұсыныс енгізсін;

Қазақстан Республикасының Президентіне баяндаманың жобасын ұсынсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.